

## Таратылымдар мен жарнама материалдарын алуға келісім беру

Мен, - «Счастливый взгляд» оптика салонының клиенті (бұдан әрі – «Клиент»), ерікті түрде, өз еркіммен және өз мүддем үшін әрекет етумен, сондай-ақ өзімнің әрекетке қабілетімді растаумен, "OneOptic (УанОптик)" ЖШС-дан БСН 220340037906 (бұдан әрі – «Қоғам») жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы материалдарды, сонымен бірге, алайда өзімен шектелусіз: Қоғамның тауарлары мен қызметтері туралы, аталған тауарлар мен қызметтерді сатып алумен және пайдаланумен байланысты арнайы ұсыныстардың, науқандардың, шарттардың болуы туралы, бонустық бағдарламаларға қатысу, іс-шараларды, сонымен бірге ынтыландыру сипатындағы іс-шараларды, таныстырылымдарды өткізу туралы, серіктестердің ұсыныстарды туралы материалдарды, сондай-ақ жеке ұсынымдар ретінде әзірленген таратылымдарды алып отыруға өз келісімімді беремін.

1. Келісім беру деп Клиенттің төмендегідей әрекеттерді жүзеге асыруы танылады:

- «Счастливый взгляд» оптика салонының тауарды бөлшек саудада сатып алатын клиенттері үшін: Қоғам қызметкеріне Клиенттің телефон нөміріне келген кодты (кездейсоқ тәртіппен таңдалатын және Клиент нұсқаған телефон нөміріне жіберіліп отыратын сандар жиынтығын) хабарлауы. Клиент Қоғам қызметкеріне өзінің таратылымдар мен жарнамалық материалдарды алудан бас тартатынын ауызша хабарлауға құқылы.

- <https://happylook.kz> сайтында жайғастырылған «Счастливый взгляд» интернет-дүкенінің клиенттері үшін «Компанияның жаңалықтары, науқандары, арнайы ұсыныстары туралы ақпарат алуға, хабарламаларды/құлақтандыруларды алуға келісім беру» чек-боксында қанатша белгісін қою.

2. Клиент 1-тарм. көрсетілген іс-қимылдарды жүзеге асыру арқылы

- өзінің осы Келісім беруді мұқият толық көлемде оқып шыққанын, Келісім беру мәтінінің өзіне түсінікті екенін;

- өз еркімен және өз мүддесі үшін әрекет ететінін;

- таратуға қажетті деректердің барлығы шүбәсіз екенін;

- осы келісім берудің күшін сақтау мерзімі бойы кез келген уақытта келісім берудің күшін осы Келісім берудің 6-тарм. сәйкес жоюға құқылы болатыны туралы білетінін.

- Клиенттің келісім беру сәтіне қарсы 18 жасқа толғанын растап және мойындайды.

3. Жарнамалық және/немесе ақпараттық сипаттағы материалдар келесі түрде (қоса алғанда, алайда өзімен шектелусіз) таратылады:

- Клиент нұсқаған телефон нөміріне смс-хабарламалар (SMS) және мессенджерлерде (с.і. WhatsApp, Viber, Telegram және басқалар) хабарламалар жіберу;

- Клиент нұсқаған электронды пошта мекенжайына e-mail хаттар жіберу арқылы;

- Клиентпен телефон нөмірі арқылы тікелей хабарласу арқылы;

- пуш-хабарламалар, баннерлер арқылы, ұялы қосымшадағы, Қоғам сайтындағы жеке кабинеттен және Клиентпен тікелей байланысуды меңзейтін басқа да коммуникация арналары бойынша басқа да хабарламалар жіберу арқылы.

Мұндай хабарламалардың мерзімділігін Қоғам өз ұйғарымы бойынша біржақты тәртіппен белгілейді.

Клиент ақпаратты Қоғамның ұйғарымына қарай орыс, сондай-ақ қазақ тілінде алып отыруға келісетінін растайды.

4. Клиент өзі хабарлаған телефон нөмірінің ұялы байланыс операторымен бөлінген телефон нөмірі болып табылатынын, ал электронды пошта мекенжайының Клиентке тиесілі екендігін растайды. Клиент қате/жалған деректерді көрсетумен байланысты келтірілуі мүмкін кез келген нұқсанды толық көлемде өтеп беруге дайын. Клиент осы Келісімнің 6-тарм. көрсетілген әдістермен Қоғамға мәлімдеме жіберу арқылы оны өз деректерінің (телефон нөмір(лер)ін қоса алғанда) кез келген өзгеруі туралы дереу түрде хабарлап отыруға міндетті.

5. Осы Келісім беру осы Келісім берудің 1-тарм. көрсетілген іс-қимыл жасалған сәттен бастап шектелмеген мерзім бойы күшінде болады.

6. Осы Келісім берудің күшін Клиент немесе оның заңды өкілі Қоғамға келесі

- телефон нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы 8-800-004-19-26;
- келесі электронды пошта мекенжайына хабарлама жіберумен [loyalty@happylook.ru](mailto:loyalty@happylook.ru);
- Қоғам қызметкеріне таратылымдар мен жарнамалық материалдарды алудан бас тартатынын туралы ауызша хабарлау арқылы.